Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрінің

2020 жылғы «5» ақпандағы

№ 51 бұйрығына 47-қосымша

Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі
№ 115 бұйрығына 592-қосымша

# Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Дүниетану» пәнінен жаңартылған мазмұнды үлгілік оқу бағдарламасы

## 1 - тарау. Жалпы ережелер

1. Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Дүниетану» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі-Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 6) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарламаның мақсаты - білім алушыларда ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар тұрғысынан адамның, қоғам мен табиғаттың өзара байланысы мен өзара шарттылығы туралы білім жүйесін қалыптастыру.

3. Бағдарлама міндеттері:

1) қоғамның, табиғат құбылыстары мен нысандарының өзара байланысы мен өзара тәуелділігі жайлы түсініктерін қалыптастыру;

2) табиғи, әлеуметтік және технологиялық ортада қауіпсіздік ережелері мен мінез-құлық нормаларын қалыптастыру;

3) табиғи және әлеуметтік шындықты танудың дағдыларын қалыптастыру: бақылау, эксперимент, сауалнама;

4) заманауи қазақстандық қоғамға тән ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар жүйесін қалыптастыру;

5) қоршаған ортаға, қоғамның табиғи және мәдени құндылықтарына оң көзқарас қалыптастыру қалыптастыру.

4. Түзете-дамыту міндеттері:

1) белсенді және енжар сөздік қорын байыту және нақтылау;

2) табиғат нысандары мен құбылыстарын көріп қабылдау мен тану процесін дамыту;

3) тірі және өлі табиғат нысандарының орналасқан жері туралы кеңістік түсінігін, кеңістікте бағдарлануын (сынып, мектеп, аула) дамыту;

4) тірек-қозғалыс аппараты бұзылған балалардың танымдық белсенділігін дамыту.

## 2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

5. Тұлғалық-бағдарлы тәсіл білім алушының тұлғасын үйлесімді қалыптастыру мен жан-жақты дамытуды, оның психикалық және физикалық дамуының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, шығармашылық күштерін толық ашуды көздейді.

6. Іс-әрекеттік тәсіл: тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушылар білімдерін дайын түрде алмайды, оған өздігінен қол жеткізеді, өзінің оқу іс-әрекетінің мазмұны мен формаларын түсінеді, білім мен оқу дағдыларын белсенді және табысты қалыптастыруға үлес қосатын нормалардың жүйесін түсінеді және қабылдайды;

7. **Жеке және саралап оқыту** тәсілі білім алушылардың түрлі топтарының оқу іс-әрекетін арнайы әзірленген оқыту құралдары мен қызметті саралаудың тәсілдері арқылы ұйымдастыруды көздейді.

8. Коммуникативтік тәсіл екі немесе одан да көп адамның тілдік өзара іс-қимылы процесінде ақпарат беру мен хабарлауды, білім, дағды мен іскерлікпен алмасуды болжайды; тілдің грамматикалық құрылымын қалыптастырады және белсенді және пассивті сөздік қорын байытады.

9. Жобалық тәсіл білім алушы өз алдына проблеманы қойып, оны шешу жолдарын өз бетінше тауып, білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып іске асыруды көздейді.

10. Бағдарламаның мазмұны жүйелілік және кезектілік қағидаларына бағынған:

1) пәнінің барлық тақырыптары мен бөлімдері өзара байланысты, сол себепті кезектілікпен оқыту процессінде жаратылыстану және қоғамтану білімдері мен біліктері жаңа біліммен молаяды, білім алушылардың 0-2 сыныптарда алған қарапайым ақпараттары негізінде дамиды;

2) оқыту процесінде тәжірибелік біліктіліктер мен дағдыларды қалыптастыру маңызды орынды алады; 4-сыныпта оқушылар бақылау мен тәжірибелер өткізетін тәжірибелік сабақтар қарастырылған.

11. «Дүниетану» пәнін оқытуда келесі әдістер мен стратегиялар нәтижелі болып табылады:

1) білімін функционалды және шығармашылық түрде қолдану;

2) зерттеу жұмыстарын жүргізу;

3) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану;

4) коммуникацияның әртүрлі тәсілдерін қолдану;

5) топта және жеке жұмыс істей алу.

12. Оқыту барысында қажетті техникалық құралдар:

1) тірі және өлі табиғаттың табиғи нысандары (минералдар коллекциясы, бөлме қсімдіктері, гербарийлер);

2) аудиовизуалды құралдар (аудиожазбалар, видеофильмдер);

3) абстрактілі-символикалық көрнекіліктер (карталар, сызбалар, кестелер, диаграммалар;

4) компьютерлер, интербелсенді тақта.

## 3-тарау. «Дүниетану» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

13. «Дүниетану» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 0 - сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 32 сағатты;

2) 1 - сыныпта – аптасына1сағат, оқу жылында 33 сағатты;

3) 2 - сыныпта – аптасына1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;

4) 3 - сыныпта – аптасына1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;

5) 4 - сыныпта – аптасына1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

14. Бағдарламаның мазмұны келесідей бөлімдерді қамтиды:

1) «Мен және қоғам» бөлімі;

2)«Менің елімнің табиғаты» бөлімі;

3) «Тарих ағымында» бөлімі.

15. «Мен және қоғам» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) мен және менің отбасым;

2) мектеп және мектеп қоғамдастығы;

3) менің кіші отаным;

4) денсаулық және қауіпсіздік;

5) құқықтары мен міндеттері;

6) мерекелер.

16. «Менің елімнің табиғаты» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) жергілікті жерде бағдарлану;

2) ауа райы және климат;

3) табиғи шарттар және олардың мағынасы;

4) туризм.

17. «Тарих ағымында» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) ежелгі мәдениет және өркениеттер;

2) Қазақстанның тарихи тамырлары;

3) Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалар;

4) көрнекті тарихи тұлғалар және мәдениет қайраткерлері;

5) Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және патриотизм.

18. 0- сыныпқа арналған «Дүниетану» пәнінің базалық мазмұны:

1) мен және қоғам: «отбасы» ұғымының мағынасы, отбасы құрамы, туыстық байланыстар, мектеп, мектептегі өмір, күн тәртібін сақтау, мектептегі, сыныпағы тәртіп, қала, тұратын ауылы, жеке гигиенаны сақтау,

мектеп, мектептегі өмір, үйдегі, қоғамдық орындардағы тәртіп ережелерін сақтау, мерекелер;

2) менің елімнің табиғаты: таныс емес жерлерде тәртіп ережелерін сақтау, табиғи құбылыстар, жыл мезгілдері;

3) тарих ағымында: көрнекі материалдарды зерттеу негізінде адам өмірі, сақтардың өмір сүру салтына көрнекі материалдар, Қазақстан жерінде ежелгі жазбалар, тарихи тұлғалар, өзі тұратын мемлекет.

19. 1- сыныпқа арналған «Дүниетану» пәнінің базалық мазмұны:

1) мен және қоғам: әртүрлі дереккөздерді зерттеу негізінде «отбасы» ұғымының мәні, отбасы мүшелеріне қатысты туыстық байланыс жүйесіндегі өз орны; отбасы мүшелерінің арасындағы қамқорлық қарым-қатынастың маңыздылығы, тауар-ақша қатынастарының қарапайым түрлері; тұтыну заттарына деген өз қажеттілігінің құрылымы және олардың түсу көздері, адам өмірінде мектептің маңызы, мектептің қызмет ету аймақтарының орналасқан жері, мектептегі тәртіп ережелерін сақтау,  күн тәртібін сақтау, тәулік уақыты мен апта күндерінің атаулары, сынып ұжымының мүшесі, өзінің мекен-жайы және елді мекеннің географиялық орналасуы, басты көше, ғимараттар және өзінің елді мекенінің көрікті жерлері, жеке гигиенаны, тамақтану тәртібін, үйдегі қауіпсіздік ережелерін, жолда жүру ережесін сақтау, жол белгілерінің, жаяу жүргіншілер жолының мағынасы, үйден мектепке дейінгі қауіпсіз жол бағытының жоспары, шұғыл көмек қызметтері және оларға жүгіну қажет жағдайлар, отбасылық мерекелер;

2) менің елімнің табиғаты: жергілікті белгілер бойынша көкжиек жақтары, табиғаттағы тәртіп ережелерін сақтау, ауа райының адам өмірі мен әрекетіне ықпалы, жыл мезгілдеріне байланысты табиғатта әртүрлі демалыс әрекеттерімен айналысу мүмкіндігі, туризмның негізгі мақсаты;

3) тарих ағымында: көрнекі материалдарды зерттеу негізінде ежелгі адамдар өмірі, танымал ежелгі тарихи ескерткіштер/экспонаттар, сақтардың өмір сүру салты, Қазақстан аумағындағы ежелгі жазбалар, Томирис туралы әңгіме, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері, тәуелсіз елдің негізгі белгілері, Қазақстанның астанасы жайлы шығармашылық жұмыстар.

20. 2- сыныпқа арналған «Дүниетану» пәнінің базалық мазмұны:

1) мен және қоғам: отбасы мұрағатының материалдары негізінде отбасы мүшелерінің портреті, мысал негізінде өз отбасының этикалық нормалары, қоғамдық этикалық нормалар, отбасылық қажеттіліктер, мектептегі сабақ және сабақтан тыс әрекеттердің түрлері мен қызметтері, мектеп қоғамдастығы мүшелерінің қызметі мен құрылымы, мектеп қоғамдастығында ұжымдық, топтық және тұлғааралық тәртіп ережелері, өз сыныбына сипаттама, Қазақстан картасында ірі өзендер мен көлдер, қалалар, жолдар, өз облысы, қауіпсіздік ережелері, қоғамдық көліктегі тәртіп ережелері, құқық, міндеттер және жауапкершілік, Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мерекелерінің мағынасы;

2) менің елімнің табиғаты: компас, адамдардың шаруашылық әрекеті мен өмірі үшін ауа райының оң және теріс сипаттамалары, ірі табиғи нысандардың (тау, жазықтық, көл және өзен) шаруашылық мәні, табиғи

шарттарға (рельеф, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су көздері) байланысты жергілікті аймақ пен Қазақстанның аймақтарының адамдарының шаруашылық әрекеті, Қазақстандағы туризмнің түрлі түрлерін дамыту үшін объектілер, мақсаты бойынша туризмнің негізгі түрлері;

3) тарих ағымында: көшпелі және отырықшы өмір салты, ежелгі қалалар мен ескерткіштер, ғұндардың өмір сүру салты, Ботай мәдениетінің ерекшеліктері, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің мағынасы, Қазақстан халықтарының достастығы.

21. 3 - сыныпқа арналған «Дүниетану» пәнінің базалық мазмұны:

1) мен және қоғам: отбасы мүшелері арасындағы туыстық дәрежесі, жеті ата, өз отбасының құндылықтары, сыныпта өзін-өзі басқару ережелері, сыныптағы ұжымдық шешімдер, қоғамда қабылданған этикалық мінез-құлық нормалары, адамдар арасындағы достық, елді мекендер (түрі, өлшемі, қызметтері), қала мен ауылдың байланысы, тұрмыстық құралдарды пайдалану ережелері, спорт түрлері, табиғи ортадағы қауіп-қатерлер, Қазақстан Республикасы Конституциясының маңыздылығы, Қазақстан халықтарының мерекелерінің мағынасы;

2) менің елімнің табиғаты: астрономиялық белгілер, жергілікті жердің жоспары, қолайсыз ауа райы-климаттық жағдайларда жүріс-тұрыс ережелері, табиғи шарттарға (рельеф, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су көздері) байланысты адамдарды орналастыру, геологиялық және табиғи-климаттық апаттар болған жағдайда жүріс-тұрыс ережелері, Қазақстанның туристтік нысандары;

3) тарих ағымында: көшпелі және отырықшы өмір салтының ерекшеліктері, тарихи және мәдени ескерткіштер, түркілердің өмір сүру салты, Қазақ хандығының құрылу себептері, хандардың, батырлардың, билердің қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күрескерлердің рөлі, Қазақстанның ресми емес рәміздері («Алтын адам» монументі, «Бәйтерек», Триумфалды арка, «Мәңгілік ел»), тұлғаның, отбасының, қоғамның және мемлекеттің дамуындағы еңбектің рөлі.

22. 4- сыныпқа арналған «Дүниетану» пәнінің базалық мазмұны:

1) мен және қоғам: қоғам өмірінде отбасы маңызы, отбасы мүшелерінің функционалды рөлі, отбасылық бюджеттің кірісі мен шығыны, отбасылық бюджетті оңтайландыру жолдары, мектептің өзін-өзің басқару ұйымына кіру жолдары, көшбасшының тұлғалық қасиеттері, әртүрлі деңгейдегі аймақтардың (аймақ, аудан, облыс) әкімшілік-шекаралық бірліктері, өз өлкесінің экономикалық қызмет субъектілері, әртүрлі спорт түрлеріндегі арақаттану себептері, жасанды ортадағы қауіп-қатерлер, жасанды ортадағықауіпсіздік, Конституцияның қоғам өміріндегі мәні, Қазақстан Республикасының азаматы ретінде демократиялық міндеттері, кәсіби мерекелер тарихы;

2) менің елімнің табиғаты: объектінің басқаларға қатысты орналасқан жері, глобус пен карталардыңмақсаты, параллельдер, меридиандар, экватор, адамзат дамуына климаттың ықпалы, табиғи шарттарға (рельеф, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су көздері) байланысты жергілікті аймақ пен

Қазақстанның аймақтарының адамдарының шаруашылық әрекеті,өзінің тұратын аймағындағы табиғи апаттар мен құбылыстар, қолжетімді ақпарат көздерін (ғаламтор, кітіаптар, бұқаралық ақпарат құраладары) қолдана отырып, Қазақстан және Қазақстанның астанасы бойынша туристік маршрут;

3) тарих ағымында: тарихи кезеңдердегі технологиялық прогресс, тарихи мұражайлар, мұражай жобасы, қазақ халқының шығу тегі, сақтар, ғұндар, түркілер мен қазақтар арасындағы байланысы, XX-XXI ғасырлардағы Қазақстанның жетістіктері (мәдениет, ғылым, білім, экономика), шығармашылық және еңбек мамандықтарындағы көрнекті қайраткерлер, елдің дамуына қосқан үлес, «Қазақстан» (ұлттық бренд) атауымен байланысты бірқатар мағыналық ассоциациялар, Қазақстанның әлемдік аренадағы рөлі.

## 4 -тарау. Оқу мақсаттарының жүйесі

23. Бағдарламада оқыту мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар –бөлімше ретін, төртінші сан - оқу мақсатының реттік нөмірін білдіреді Мысалы, 1.1.2.4 кодталуында: «1» – сынып, «1.2.» – бөлімше, «4» – оқу мақсатының реттік саны.

24. Оқыту мақсаттарының жүйесі бойынша күтілетін нәтижелер:

1) «Мен және қоғам» бөлімі:

1 кесте

| Бөлімшелер | Оқыту мақсаттары | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 0 - сынып | 1 - сынып | 2 - сынып | 3 - сынып | 4 - сынып |
| 1.1 Менің отбасым | 0.1.1.1 «отбасы» ұғымының мағынасы түсіну; 0.1.1.2 Отбасы құрамын анықтау; 0.1.1.3 Туыстық байланыст | 1.1.1.1 әртүрлі дереккөздерді зерттеу негізінде «отбасы» ұғымын түсіну және түсіндіру; 1.1.1.2 басқа отбасы мүшелеріне қатысты | 2.1.1.1 отбасылық мұрағат негізінде отбасы мүшелерінің сөздік портретін құрастыру; 2.1.1.2 мысалдар негізінде өзінің отбасының | 3.1.1.1 отбасы мүшелері арасындағы туыстық дәрежені түсіндіру; 3.1.1.2 өз шежіресін құрастыру; 3.1.1.3 өзінің отбасының құндылықта | 4.1.1.1 қоғам өмірінде отбасы маңызын дәлелдеу; 4.1.1.2 отбасы мүшелерінің функционалды рөлін талдау; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ады анықтау | туыстық байланыста өзінің орнын анықтау;<br>1.1.1.3 отбасы мүшелері арасындағы қамқор қарым-қатынастың маңызын түсіндіру және мысалдар келтіру ;<br>1.1.1.4 тауар-ақшалық қатынастар қарапайым түрлерін түсіндіру;<br>1.1.1.5 өзінің қажеттіліктер құрылымын қолдану және олардың келетін көзі заттарынан анықтау | этикалық нормаларын түсіндіру;<br>2.1.1.3 әртүрлі дереккөздерді зерттеу негізінде қоғамдық этикалық нормаларды анықтау;<br>2.1.1.4 бақылау мен сауалнама негізінде отбасылық қажеттіліктер құрылымын тұтыну заттары мен түсу көздерінде анықтау | рын анықтау;<br>3.1.1.4 өзінің шығындарын жоспарлау және негіздеу;<br>3.1.1.5 өзінің шығындарын оңтайландыру жолдарын ұсыну | 4.1.1.3 отбасылық бюджеттің шығыны мен кірісін талдау;<br>4.1.1.4 отбасылық бюджетті оңтайладыру жолдарын ұсыну |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| 1.2 Мектеп және мектеп қоғамдас тығы | 0.1.2.1<br>Мектеп туралы, мектептегі өмір туралы түсіндіру;<br>0.1.2.2<br>оқу кабинетінде өзінің орнын анықтау;<br>0.1.2.3<br>күн тәртібін сақтауды түсіндіру; | 1.1.2.1 адам өмірінде мектеп маңызын түсіндіру;<br>1.1.2.2 мектептің қызметтік аймақтарының орнын анықтау;<br>1.1.2.3 мектептегі тәртіп ережелерін сақтаудың маңыздылығын түсіндіру<br>1.1.2.4 | 2.1.2.1 мек тепте сабақта және сабақтан тыс әрекетте түрлері мен қызметтерін түсіндіру;<br>2.1.2.2 мектеп қоғамдастығы мүшелерінің қызметі мен құрылымын анықтау;<br>2.1.2.3 мектеп | 3.1.2.1<br>сыныптағы өзін-өзі басқару ережелерін түсіндіру және өзінің моделін ұсыну;<br>3.1.2.2 сыныпта әртүрлі көзқарас бар жағдайда ұжымдық шешім қабылдау жолын түсіндіру; | 4.1.2.1 мектептің өзін-өзі басқару құрамына кіру жолдарын түсіндіру;<br>4.1.2.2 көшбасшының тұлғалық қасиеттерін анықтау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 0.1.2.4<br>сыныптағы, мектептегі тәртіп жайлы түсінік беру | күн тәртібін сақтау маңызын түсіндіру және шамамен бір күннің күн тәртібін құрастыру;<br>1.1.2.5 апта күндері мен тәулік уақыттары атауларын қолдану;<br>1.1.2.6<br>Өзін оқушы және сынып ұжымы мүшесі ретінде сипаттау | қоғамдастығында ұжымдық, топтық және тұлғааралық тәртіп ережелерін түсіндіру;<br>2.1.2.4 өзінің сыныбына сипаттама беру | 3.1.2.3 қоғамда қабылданған этикалық ережелерді түсіндіру;<br>3.1.2.4 өз тәжірибесі мысалында адамдар арасындағы достықтың маңызын дәлелдеу | |
| 1.3 Менің кіші Отаным | 0.1.3.1<br>өзінің тұратын | 1.1.3.1 өзінің мекен-жайын атау және елді | 2.1.3.1 өзінің зерттеулері негізінде тұратын | 3.1.3.1<br>Елді мекендерді әртүрлі | 4.1.3.1 әртүрлі деңгейдегі аймақтардың (аймақ, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ауыл/қаласын атау | мекеннің географиялық орналасуын сипаттау ;<br>1.1.3.2 өзінің елді мекенінің басты көшесін, ғимаратын және көрнекті жерлерін сипаттау | аймағының көрікті жерлерін бейнелеу және суреттеу;<br>2.1.3.2 Қазақстан картасынан ірі өзен-көлдерін, қалалар, жолдар мен өзінің облысын көрсету | белгілері бойынша ажырату (түр, лшем, қызметтері );<br>3.1.3.2<br>қала мен ауылдың байланысын зерттеу, мысалдар келтіру | аудан, облыс) әкімшілік-шекаралық бірліктерін ажырату<br>4.1.3.2 әр түрлі дереккөздерді негізге ала отырып, өз өлкесінің экономикалық қызмет субъектілерінің сипаттамасын беру |
| 1.4<br>Денсаулық және қауіпсіздік | 0.1.4.1<br>жеке гигиенаны сақтау алу;<br>0.1.4.2 қоғамдық орындарда, үйде тәртіп ережелерін түсіну | 1.1.4.1 жеке гигиенаны сақтау маңызын түсіну;<br>1.1.4.2тамақ тану тәртібін сақтаудың қажеттілігін түсіну;<br>1.1.4.3<br>жолда жүру ережесін және жол белгілерінің, реттеуші | 2.1.4.2<br>қоғамдық орындарда күнделікті жағдайларда қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелерін білу;<br>2.1.4.3көлік түрлерін ажырату және олардың мақсаты туралы білу; | 3.1.4.1<br>тұрмыстық құралдарды пайдалану ережелерін графикалық түрде ұсыну 3.1.4.2<br>спорт түрлерін топтастыру, қандай да бір спорт түрімен айналысу үшін базалық және өз | 4.1.4.1 әртүрлі спорт түрлеріндегі жарақаттану себептерін зерттеу;<br>4.1.4.2 әр түрлі спорт түрлерімен шұғылдану кезінде жарақаттану қауіптілігін төмендету әдістері мен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жаяу жүргіншілер жолының мағынасын білу;<br><br>1.1.4.5 үйден мектепке дейінгі қауіпсіз жол бағыты жоспарын құру;<br><br>1.1.4.6 шұғыл көмек қызметтерін атау және оларға жүгіну қажет жағдайларды анықтау | 2.1.4.4 қоғамдық көлікте тәртіп ережелерін негіздеу | деректерін анықтау;<br><br>3.1.4.3<br><br>әртүрлі дереккөздер негізінде табиғи ортадағы қауіп-қатерлерді анықтау және бағалау;<br>3.1.4.4<br><br>табиғи ортада өз қауіпсіздігін жоспарлау | алдын алу бойынша шараларды негіздеу;<br><br>4.1.4.3<br><br>әртүрлі дереккөздер негізінде жасанды ортадағы қауіп-қатерлер анықтау және бағалау;<br><br>4.1.4.4 жасанды ортада өзінің қауіпсіздігін жоспарлау |
| 1.5 Құқықтар мен міндеттер | 0.1.5.1<br><br>өз өміріне қамқорлықпен қарай алу | 1.1.5.1<br><br>өзінің құқықтары мен міндеттерін білу | 2.1.5.1<br><br>өз өмірінен мысал негізінде құқықтарды, міндеттерді және жауапкершілікті анықтау;<br><br>2.1.5.2 қоғамға | 3.1.5.1<br><br>Қазақстан Республикасы Конституциясының маңыздылығын түсіндіру | 4.1.5.1<br><br>қоғам өмірінде Конституцияның маңызы жайлы қорытынды негіздеу;<br><br>4.1.5.2 Қазақстан Республикасының |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қызмет етудің маңыздылығын түсіну | | азаматы ретінде демократиялық құқықтар мен бостандықтардың, міндеттердің мысалдарын ұсыну |
| 1.6 Мерекелер | 0.1.6.1 Мерекелер жайлы түсінігі болу | 1.1.6.1 Бір отбасылық мерекені білу | 2.1.6.1 таңдау бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мерекелерінің маңызын зерттеу | 3.1.6.1 зерттеу негізінде Қазақстан халқы мерекелерінің мәнін шығармашылықпен көрсету | 4.1.6.1 зерттеу негізінде кәсіби мерекелер тарихын шығармашылықпен көрсету |

2) «Менің елімнің табиғаты» бөлімі:

2 кесте

| Бөлімшелер | Оқыту мақсаттары | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 0 - сынып | 1 - сынып | 2 - сынып | 3 - сынып | 4 - сынып |
| 2.1 Жергілікті жерде бағдарлану | 0.2.1.1 таныс емес жерлерде тәртіп | 1.2.1.1 жергілікті белгілер бойынша көкжиек | 2.2.1.1 тұсбағдар бойынша көкжиек | 3.2.1.1 астрономиялық белгілері бойынша көкжиектің | 4.2.1.1 объектінің орналасқан жерін басқаларға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ережелерін сақтау | жақтарын анықтау;<br>1.2.1.2 табиғаттағы тәртіп ережелерін сақтаудың қажеттілігін түсіндіру | жақтарын анықтау | жақтарын анықтау;<br>3.2.1.2 шартты белгілерді пайдалана отырып, масштабын сақтай отырып, жергілікті жердің жоспарын құру | қатысты анықтау;<br>4.2.1.2 глобус пен карталардың мақсатын түсіндіру, олардан негізгі объектілерді көрсету;<br>4.2.1.3 глобус пен карталардан параллельдер, меридиандар мен экваторды анықтау |
| 2.2 Климат және ауа райы | 0.2.2.1<br>табиғи құбылыстар жайлы түсінігі болу | 1.2.2.1 адамдардың өмірі мен қызметіне ауа райының ықпалын анықтау | 2.2.2.1<br>адамдардың шаруашылық әрекеті мен өмірі үшін ауа райының оң және теріс сипаттамаларын талдау | 3.2.2.1 жердегі климаттың негізгі түрлерінің сипаттамасын анықтау;<br>3.2.2.2 қолайсыз ауа райы-климаттық жағдайларда жүріс-тұрыс ережелерін құрастыру | 4.2.2.1<br>климаттың адамзат дамуына әсерін талдау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2.3 Табиғи құбылыстар, шарттары және олардың ықпалы | 0.2.3.1 Ж ыл мезгілдері жайлы түсінігі болу | 1.2.3.1 демалыстың әртүрлі түрлерімен жыл мезгілдеріне байланысты табиғатта сабақ алу мүмкіндігін анықтау | 2.2.3.1 ірі табиғи нысандардың (тау, жазықтық, көл және өзен) шаруашылық мәнін анықтау;<br>2.2.3.2 табиғи шарттарға (рельеф, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су көздері) байланысты жергілікті аймақ пен Қазақстанның аймақтарының адамдарының шаруашылық әрекетін талдау;<br>2.2.3.3 жағымсыз және қауіпті | 3.2.3.1 табиғи шарттарға (рельеф, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су көздері) байланысты жергілікті аймақ пен Қазақстанның аймақтарының адамдарының шаруашылық әрекетін талдау;<br>3.2.3.2 геологиялық және табиғи-климаттық апаттардың пайда болу жағдайындағы жүріс-тұрыс ережелерін құрастыру | 4.2.3.1 табиғи шарттарға (рельеф, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су көздері) байланысты жергілікті аймақ пен Қазақстанның аймақтарының адамдарының шаруашылық әрекетін талдау;<br>4.2.3.2 зерттеу негізінде өзінің тұратын аймағында табиғи апаттардың пайда болуы ықтималдығын болжау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | табиғи құбылыстарты жіктеу | | |
| 2.4 Туризм | | 1.2.4.1 туризм мағынасын анықтау;<br>1.2.4.2 туристтің негізгі мақсаттарын анықтау | 2.2.4.1 мақсаты бойынша туризмнің негізгі түрлерін ажырату;<br>2.2.4.2зерттеу негізінде Қазақстандағы туризмнің түрлі түрлерін дамыту үшін объектілерді анықтау;<br>2.2.4.3 туристік объектілердің ерекшеліктерін сипаттау | 3.2.4.1 Қазақстанның неғұрлым тартымды туристік нысандарының рейтингін құру | 4.2.4.1 қолжетімді ақпарат көздерін пайдалана отырып, Қазақстан және Қазақстанның астанасы бойынша туристік маршрут құру |

3) «Тарих ағымында» бөлімі:
3 кесте

| Бөлімшелер | Оқыту мақсаттары | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 0 – сынып | 1 - сынып | 2 - сынып | 3 - сынып | 4 - сынып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 3.1 Ежелгі мәдениет және өркениеттер | 0.3.1.1 көрнекі материалдарды зертету негізінде ежелгі адамдар өмірі жайлы түсінігі болу | 1.3.1.1 көрнекілік материалдар негізінде ежелгі адамдардың өмірін зерттеу<br>1.3.1.2 ең танымал ежелгі тарихи ескерткіштер/ экспонаттарды анықтау | 2.3.1.1 көрнекі материал негізінде беретін және өндіретін шаруашылық арасындағы айырмашылықты анықтау;<br>2.3.1.2 ежелгі қалалар мен ескерткіштерді әр түрлі дереккөздерді зерттеу негізінде сипаттау | 3.3.1.1 көшпелі және отырықшы өмір салтының ерекшеліктерін түсіндіру;<br>3.3.1.2 тарихи және мәдени ескерткіштерді сақтаудың маңыздылығын түсіндіру | 4.3.1.1 әр түрлі дереккөздер негізінде тарихи кезеңдердегі технологиялық прогрессті анықтау;<br>4.3.1.2 тарихи мұражайлардың мақсатын түсіндіру;<br>4.3.1.3 өз мұражайының жобасын ұсыну |
| 3.2 Қазақстанның тарихи тамырлары | 0.3.2.1 көрнекі материалдар негізінде сақтардың өмір сүру салтын анықтау | 1.3.2.1 көрнекі материалдар негізінде сақтардың өмір сүру салтын анықтау | 2.3.2.1 Көрнекі материалдарды зерттеу негізінде ғұндардың өмір сүру салтын анықтау | 3.3.2.1 әр түрлі материалдарды зерттеу негізінде түркілердің өмір салтын анықтау | 4.3.2.1 исследовать происхождениеказахского народа на основеразличныхисточников;<br>4.3.2.2 сақтар, ғұндар, түркілер мен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | қазақтар арасындағы байланысты графикалық түрде көрсету |
| 3.3 Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалар | 0.3.3.1 Қазақстан шекарасындағы ежелгі жазбалар жайлы түсінігі болу | 1.3.3.1 Қазақстан аумағындағы ежелгі жазба туралы айту;<br>1.3.3.2 әртүрлі материалдар, тәсілдер мен құралдарды қолдана отырып ежелгі жазбаларды бейнелеу | 2.3.3.1 Ботай мәдениетінің ерекшеліктерін негіздеу | 3.3.3.1 Қазақ хандығының құрылу себептерін түсіндіру | 4.3.3.1 XX-XXI ғасырлардағы Қазақстанның жетістіктерін түсіндіру (мәдениет, ғылым, білім, экономика) |
| 3.4 Атақты тарихи тұлғалар және мәдениет қайраткерлері | 0.3.4.1 тарихи тұлғалар туралы түсінігі болу | 1.3.4.1 дереккөздерді зерттеу негізінде Томирис туралы айту | 2.3.4.1 Әл-Фарабидің ғылымға қосқан үлесін анықтау | 3.3.4.1 хандардың, батырлардың, билердің рөлін тарихи мысалдарда түсіндіру;<br>3.3.4.2 тарихи мысалдарда қазақ | 4.3.4.1 шығармашылық және еңбек мамандықтарындағы көрнекті қайраткерлердің өмірбаяндық деректерін негізге ала |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | халқының тәуелсіздігі үшін күрескендердің рөлін шығармашылық түрде көрсету | отырып, елдің дамуына қосқан үлесі туралы баяндау |
| 3.5 Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және патриотизм | 0.3.5.1<br>өздері тұратын мемлекет туралы түсінгі болу | 1.3.5.1<br>Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін басқа елдердің рәміздерінен ажырату; 1.3.5.2<br>тәуелсіз мемлекеттің негізгі белгілері туралы айту;1.3.5.3<br>Қазақстанның астанасы жайлы шығармашылық жұмыстарды ұсыну | 2.3.5.1Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерінің мәнін білу;<br>2.3.5.2<br>бақылау негізінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін қолдану саласын айқындау;<br>2.3.5.3 Қазақстан халықтарының достығының мағынасын сипатау | 3.3.5.1 Қазақстанның ресми емес рәміздерінің маңызын түсіндіру («Алтын адам» монументі, «Бәйтерек», Триумфалды арка, «Мәңгілік ел»);<br>3.3.5.2тұлғаның, отбасының, қоғамның және мемлекеттің дамуындағы еңбектің рөлін түсіндіру | 4.3.5.1<br>зерттеулер негізінде «Қазақстан» (ұлттық бренд) атауымен байланысты бірқатар мағыналық ассоциацияларды ұсыну;<br>4.3.5.2 Қазақстанның әлемдік аренадағы рөлін анықтау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

25. Бағдарлама тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптарына арналған «Дүниетану» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына Ұзақ мерзімді жоспар деңгейінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес іске асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда әр бөлімде іске асырылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

26. Бөлім мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптарына арналған «Дүниетану» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына қосымша

Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптарына үшін «Дүниетану» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақмерзімді жоспар

1) 0-сынып:
кесте 1

| Ортақ тақырыптар | Бөлімшелер | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|
| 1- тоқсан | | |
| 1. Өзім туралы | 1.2 Мектеп және мектеп қоғамдастығы | 0.1.2.6 мектеп атауы мен нөмірін түсіндіру |
| | 1.1 Мен және менің отбасым | 0.1.1.5 өзінің отбасы мүшелеріне қамқорлық көрсету;<br>0.1.2.4 үйдегі тапсырмаларды орындау |
